




ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО ИНФОРМАЦИИ
И ОБЩЕСТВЕННОГО РАЗВИТИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



«ЖАСТАР» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР «МОЛОДЕЖЬ»
SCIENTIFIC RESEARCH CENTER «YOUTH»

«JASTAR BELGISI» ЖАСТАР ОРТАЛЫҚТАРЫ ҮШІН САПА БЕЛГІСІ» БАҒДАРЛАМАСЫ

ПРОГРАММА «ЗНАК КАЧЕСТВА ДЛЯ МОЛОДЕЖНЫХ ЦЕНТРОВ «JASTAR BELGISI»

Нұр-Сұлтан, 2020 ж



«JASTAR BELGISI ЖАСТАР ОРТАЛЫҚТАРЫ ҮШІН САПА БЕЛГІСІ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ 29 БЕТ. НҰР-СҰЛТАН, 2020

Осы құжат «Jastar belgisi» жастар орталықтары үшін сапа белгісі» бағдарламасының толық сипаттамасын қамтиды.

Тұжырымдаманы Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы Жастар қызметкерлері қауымдастығымен бірлесіп әзірлеген.

Басылым тегін таратылады. Ақпаратты қайта басып шығару, дәйексөз алу және өзгеше пайдалану жағдайында аталмыш тұжырымдамаға сілтеме жасау міндетті.

КОНЦЕПЦИЯ ПРОГРАММЫ «ЗНАК КАЧЕСТВА ДЛЯ МОЛОДЕЖНЫХ ЦЕНТРОВ JASTAR BELGISI» 29 СТР. НУР-СУЛТАН, 2020

Данный документ содержит подробное описание программы «Знак качества для молодежных центров «Jastar belgisi».

Концепция разработана Научно-исследовательским центром «Молодежь» совместно с Сообществом молодежных работников при поддержке Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан.

Издание распространяется бесплатно. При перепечатке, цитировании и ином использовании информации ссылка на данную публикацию обязательна.



МАЗМҰНЫ

ГЛОССАРИЙ	4
ЖАЛПЫ АҚПАРАТ	5
САПА БЕЛГІСІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	6
САПА БЕЛГІСІНІҢ ДЕҢГЕЙЛЕРІ	7
ҮМІТКЕР-ОРТАЛЫҚТАРҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМА	8
ӨТІНІМДЕРДІ БЕРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ	9
«ЖАСТАР ОРТАЛЫҚТАРЫНА АРНАЛҒАН САПА БЕЛГІСІН» АЛУ ҮШІН ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН БАҒАЛАУ ҚҰРАЛЫ	10

ГЛОССАРИЙ

«Jastar belgisi» жастар орталықтары үшін сапа белгісі – жастармен сапалы жұмысты қамтамасыз ететін жастар ресурстық орталықтарын қолдау құралы. Осы бастамаға Қазақстанның жастар ресурстық орталықтары қатысады

«Жастар» ғылыми зерттеу орталығы – ғылыми зерттеулер жүргізетін және мемлекеттік жастар саясатының іске асырылуын әдістемелік қамтамасыз ететін ұйым

Жастар ресурстық орталығы – ақпараттық және консультациялық сүйемелдеу, өмірлік дағдыларға үйрету, жастар бастамаларын қолдау және жастардың қажеттіліктері негізінде жобалар мен бағдарламаларды іске асыру арқылы жастармен тікелей жұмыс жасайтын ұйым

Жұмыс сапасын сарапшылық бағалау – жастар ресурстық орталықтарының жұмыс сапасын жеті өлшем бойынша сырттай бағалау. Бағалауды арнайы дайындықтан өткен сарапшылар жүргізеді

Мемлекеттік жастар саясаты мектебі – Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының жастармен жұмыс жөніндегі мамандардың біліктілігін арттыруға бағытталған арнаулы білім беру бағдарламасы

Ұлттық жастар орталықтары лигасы – Сапа белгісін алған жастар ресурстық орталықтарының бейресми қауымдастығы

Үміткер-орталық – Сапа белгісін алуға үміткер жастар ресурстық орталығы

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

1. «Jastar belgisi» жастар орталықтары үшін сапа белгісі» бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) даму әлеуеті бар және өз қызметін жаңғыртуға тырысатын жастар ресурстық орталықтарын қолдауға бағытталған.

2. Бағдарламаның мақсаты – жастар үшін сапалы қызметтер көрсететін және өзінің тәжірибесін басқа орталықтарға тарататын жастар ресурстық орталықтарының республикалық желісін құру.

3. Бағдарламаның міндеттері:

- 1) жастар ресурстық орталықтары жұмысының сапасын бағалау;
- 2) өзінің жұмыс сапасын арттырғысы келетін жастар ресурстық орталықтары қызметкерлері мен белсенділерінің біліктілігін арттыру;
- 3) көрсетілетін қызметтердің сапасын қамтамасыз ететін жастар ресурстық орталықтарын көтермелеу;
- 4) жастар ресурстық орталықтарының ынтымақтастығын және өзара тәжірибелермен алмасуын қамтамасыз ету.

4. Бағдарлама үш құрамдас бөлімнен құрады:

- 1) үміткер-орталықтарға арналған дайындық бағдарламасы;
- 2) жастар ісі сапасының өлшемдеріне сай келетін жастар орталықтарына берілетін Сапа белгісі;
- 3) Сапа белгісінің бірінші деңгейін алған жастар ресурстық орталықтары кіретін Ұлттық жастар орталықтары лигасын құру және оның қызметін қамтамасыз ету.

5. Бағдарламаға облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қаласының, облыстық маңызы бар қалалар мен аудандардың жастар ресурстық орталықтары өз қалаулары бойынша қатысады.



2. САПА БЕЛГІСІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

6. Жастар орталықтарына Сапа белгісін беру осы орталықтар жүйелі деңгейде жастар үшін сапалы қызметтерді көрсетеді дегенді білдіреді.

7. Сапа белгісі берілген жастар орталықтарына келесі мүмкіндіктер қарастырылады:

1) қызметтерін республикалық БАҚ-та жариялау арқылы жастар ресурстық орталықтарын ақпараттық қолдау;

2) Ұлттық жастар орталықтары лигасы жұмысына қатысу. Ұлттық жастар орталықтары лигасы жыл сайын жиналады және жастар ресурстық орталықтары жұмысының сапасын арттыру мәселелерін қарастырады;

3) елдегі басқа жастар ресурстық орталықтарына өзінің үздік тәжірибесін тарату;

4) жастар ісі сарапшылары мен тренерлері тарапынан сарапшылық және әдістемелік қолдау;

5) осы орталықтар базасында халықаралық, республикалық және өңірлік ісшаралар өткізу;

6) ғимаратты безендіруде және орталықтың полиграфиялық өнімдерінде Сапа белгісінің визуалдық суретін қолдану.

8. Жаңа жастар ресурстық орталықтарын құрғысы келетін жергілікті атқарушы органдар өз орталықтарын құру кезінде Сапа белгісінің өлшемдерін басшылыққа ала алады.

9. Сапа белгісі алғашқы кезеңде үш жылға беріледі. Осы аралықта жастар ресурстық орталығынан белгіленген өлшемдерге сәйкес болу күтіледі.



3. САПА БЕЛГІСІНІҢ ДЕҢГЕЙЛЕРІ

10. Жастар ресурстық орталықтарының көрсетілген өлшемдерге сәйкес болуына байланысты Сапа белгісі келесі 3 деңгей бойынша берілетін болады:

1) **бірінші деңгей** (визуалдық сурет: алтын түстегі Сапа белгісі) – Сапа белгісінің барлық жеті-сегіз өлшемдеріне сәйкес болу:

- орталықтың басты мақсаты – жастар және жастар ісіне қызмет ету;
- орталықтың штаты жастармен жұмыс жасау үшін қажетті қабілеттерге ие қызметкерлерден тұрады;
- орталық әралуандықты және адамның қадір-қасиетін сақтайтын қауіпсіз жұмыс жағдайын ұсынады;
- орталықта қатысушылардың әртүрлі топтарымен жастар іс-шараларын өткізуге бейімделген ең төменгі инфрақұрылым бар;
- орталық өз тұжырымдамалары мен бағдарламаларын әзірлеуге жастарды, жастар ұйымдары мен қозғалыстарын қатыстырады;
- орталық жастар ісінің сапасын дамытуға жәрдемдеседі;
- орталық қызмет көрсетуге және клиентке бағдарланған;
- орталық аудандық және қалалық орталықтарының жұмысын үйлестіруді қамтамасыз етеді (облыстық орталықтар үшін).

2) **екінші деңгей** (визуалдық сурет: күміс түстегі Сапа белгісі) – Сапа белгісінің төрт-бес өлшемдеріне сәйкес болу:

- орталықтың басты мақсаты – жастар және жастар ісіне қызмет ету;
- орталықтың штаты жастармен жұмыс жасау үшін қажетті қабілеттерге ие қызметкерлерден тұрады;
- орталық әралуандықты және адамның қадір-қасиетін сақтайтын қауіпсіз жұмыс жағдайын ұсынады;
- орталықта қатысушылардың әртүрлі топтарымен жастар іс-шараларын өткізуге бейімделген ең төменгі инфрақұрылым бар;
- орталық аудандық және қалалық орталықтарының жұмысын үйлестіруді қамтамасыз етеді (облыстық орталықтар үшін).

3) **үшінші деңгей** (визуалдық сурет: қола түстегі Сапа белгісі) – Сапа белгісінің үш-төрт өлшемдеріне сәйкес болу:

- орталықтың басты мақсаты – жастар және жастар ісіне қызмет ету;
- орталықтың штаты жастармен жұмыс жасау үшін қажетті қабілеттерге ие қызметкерлерден тұрады;
- орталықта қатысушылардың әртүрлі топтарымен жастар іс-шараларын өткізуге бейімделген ең төменгі инфрақұрылым бар;
- орталық аудандық және қалалық орталықтарының жұмысын үйлестіруді қамтамасыз етеді (облыстық орталықтар үшін).

11. Жастар ресурстық орталықтарының жоғарыда көрсетілген өлшемдерге сәйкестігін үміткер-орталықтарға арналған дайындық бағдарламасы кезінде «Жастар» F30 және «Жастар қызметкерлері қауымдастығы» ҚБ сарапшылары анықтайды.

4. ҮМІТКЕР-ОРТАЛЫҚТАРҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМА

12. Сапа белгісін алуға үміткер Жастар ресурстық орталықтары жұмыс сапасын сарапшылық бағалау, жеке оқыту, тәлімгерлік және басқа да әдістемелік көмектерден тұратын дайындау бағдарламасына қатысады.

13. Үміткер-орталықтарға арналған бағдарлама келесі іс-шараларды қамтиды:

1) Сапа белгісін алуға үміткер ЖРО үшін жұмыс сапасын алғашқы сарапшылық бағалау. Сарапшылық бағалау ЖРО қызметкерлерімен, жергілікті атқарушы органдардың басшылығымен және нысаналы топтардың және мүдделі тараптардың жекелеген өкілдерімен бағалау құралы (1 қосымша) бойынша сұхбат негізінде жүргізілетін болады.

Сарапшылық бағалау нәтижелері бойынша неғұрлым белсенді және одан әрі дамуға әлеуеті бар ЖРО-лар іріктелетін болады.

2) Әрбір ЖРО-ның жұмыс сапасын арттыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеу. Сарапшылық бағалау барысында алынған ақпаратқа негізделі отырып, әр ЖРО командасы ЖРО миссиясына және нысаналы топтың қажеттіліктеріне сәйкес жұмыс сапасын арттыру бойынша жеке іс-қимыл жоспарын әзірлейді.

3) Мемлекеттік жастар саясаты мектебі шеңберінде ЖРО қызметкерлері мен белсенділерін (жастар ұйымдары мен өзін-өзі басқару органдары белсенділері) оқыту. Мемлекеттік жастар саясаты мектебі келесі іс-шараларды қамтиды:

- жастар ресурстық орталықтарының қызметкерлерін және жастар өзін – өзі басқару органдарының және жастар ұйымдарының активін онлайн оқыту – тренингтерге дейін 2 ай ішінде;
- үй тапсырмасын жергілікті жерлерде қашықтан орындау – тренингке дейін 10 күн ішінде;
- жастар ресурстық орталықтары қызметкерлері мен жастардың өзін-өзі басқару органдары және жастар ұйымдарының ішінен белсенділер үшін топтық семинар-тренингтер;
- практика кезеңі: тренингтен кейін 2-3 ай ішінде жастар ресурстық орталықтары бағдарламаларын іске асыруды бастау.

Мемлекеттік жастар саясаты мектебі нәтижелері бойынша үміткер-орталықтар Жастар ресурстық орталықтарының жұмыс бағдарламасын әзірлейтін болады.

4) жұмыс сапасын қорытынды сараптамалық бағалау және белгі беру немесе оны беруден бас тарту. Дайындық бағдарламасының соңында жастар ісінің сапасын дамыту саласындағы қол жеткізілген нәтижелерге сарапшылық бағалау жүргізілетін болады.

Ұйымдық дамуда жақсы көрсеткіштер көрсеткен және сапа өлшемдеріне сәйкес келетін Жастар ресурстық орталықтарына Жастар орталықтарына арналған сапа белгісі беріледі.



5. ӨТІНІМДЕРДІ БЕРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

14. Бағдарламаға жастар ресурстық орталықтары өз өтінімдері негізінде қатыса алады.

15. Өтінімдер электрондық пошта арқылы жіберілуге және мынадай құжаттарды қамтуға тиіс:

1) мұқаба бет, оған мыналар кіреді: үміткер-ұйымның атауы; заңды мәртебесі; байланыстағы тұлғаның аты; электрондық пошта мекенжайы; телефон нөмірі және ұйымның мекенжайы.

2) өтініш хат – көп дегенде үш (3) бет:

- ұйымның миссиясын баяндау
- мақсатты топ пен мақсатты топпен жұмыс істеу жөніндегі стратегияның сипаттамасы
- белсенді жобалар/ағымдағы іс-шаралар, оның ішінде орындау кезеңі, бенефициарлар және бүгінгі күні қол жеткізілген нәтижелердің қысқаша сипаттамасы
- орындалу кезеңін қоса алғанда, соңғы үш жылда аяқталған жобалар, нысаналы бенефициарлар және қол жеткізілген нәтижелердің қысқаша сипаттамасы.

16. Өтінімнің барлық құжаттары келесі ұсынымдарға сәйкес болуы тиіс:

- мәтін doc немесе docx. форматта сақталған;
- 2,5 см өрісі бар А4 форматты қағаз;
- Times New Roman шрифтін пайдаланыңыз, шрифт өлшемі 12, бір аралықпен;
- бет лимитін ұстаныңыз.

Егер қосымша ақпарат немесе өтінімдер бойынша түсініктемелер талап етілсе, өтінім беруші (өтінім берушілер) жазбаша түрде хабардар етіледі және оған қосымша ақпарат және/немесе құжаттама беру ұсынылады.

17. Барлық мүдделі үміткерлер өз өтініштерін jroaqb@eljastary.kz электрондық мекен-жайы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде беруі тиіс.

6. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР

18. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитетінің қолдауымен бағдарламаның ұйымдастырушылары - «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы және «Жастар қызметкерлері қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі.

19. «Жастар» F30 Жастар ресурстық орталықтарын әдіснамалық қамтамасыз ету басқармасы бағдарламаны ақпараттық және консультативтік тұрғыда сүйемелдейді.

«ЖАСТАР ОРТАЛЫҚТАРЫНА АРНАЛҒАН САПА БЕЛГІСІН» АЛУ ҮШІН ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН БАҒАЛАУ ҚҰРАЛЫ

(Мемлекеттік жастар саясаты туралы Заң, ЖРО туралы Үлгілік ереже және жастар орталықтарына арналған Еуропа Кеңесінің Сапа белгісінің негізінде дайындалған)

Сапа белгісін тағайындау жеті өлшем бойынша сапалық бағалау арқылы жүзеге асырылады. Осы өлшемдер жастар ресурстық орталықтарының жастарға арналған ұсыныстарын жетілдіруге жәрдемдеседі.

№	Индикаторлар	Ия	Толық емес	Жоқ	Табысты тәжірибе мысалдары
1. ОРТАЛЫҚТЫҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ – ЖАСТАР ЖӘНЕ ЖАСТАР ІСІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ					
1.	Орталық жұмысының басым бағыттары, жастармен жұмыс жасаудың нақты нысандары мен әдістері көрсетілген бағдарлама әзірленген және іске асырылуда				
2.	Орталық бағдарламасында негізгі назар 14-28 жас аралығындағы жастарға (әсіресе, оның осал топтарына) және жастар ұйымдарына аударылады				
3.	Орталықтың жобалары мен бағдарламаларына қатысатын жастардың кем дегенде 30% халықтың осал топтарынан (жұмыссыздар, аз қамсызданған жастар, қандастар, жас отбасылар, ерекше қажеттіліктері бар, заңмен қақтығыстағы жастар және т. б.)				
4.	Орталықтың жобалары мен бағдарламаларына жастар ерікті негізде қатысады				
5.	Орталық тұрақты түрде білім беру іс-шараларын, жобаларын және бағдарламаларын жүзеге асырады (тренингтер, семинарлар, мастер-кластар, лагерьлер, форумдар, конференциялар және курстар)				
6.	Орталық жастардың тұлғалық және әлеуметтік дамуына бағытталған, жастардың қатысуы мақсатты және көп реттік сипатта болып табылатын, ұзақтығы бір жылдан кем емес тұрақты жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асырады				
7.	Орталық ғимаратында жастардың қажеттіліктері мен сұраныстары бойынша адрестік жұмысты білдіретін жастар үшін қызықты мәселелер бойынша жеке кеңес беру жұмыстары жүргізіледі				
8.	Орталықта мерзімді түрде жастар ұйымдарымен, қозғалыстарымен, жастардың өзін-өзі басқару органдарымен және жергілікті қауымдастықтармен бірлескен бір жолғы бұқаралық және/немесе топтық іс-шаралар өткізіліп тұрады				
9.	Орталық, өз ғимаратынан тыс жерде кем дегенде бір айда төрт рет өзін-өзі жұмыспен қамтыған және жұмыс істемейтін, оқымайтын жастармен аутрич жастар ісін (көшпелі ақпараттандыру, кеңес беру, түсіндіру және т. б.) атқарады				

10.	Орталықтағы іс-шаралардың, жобалар мен бағдарламалардың көпшілігі бейресми білім беру қағидаларына сәйкес келеді (бағалаусыз орта, бір деңгейдегі коммуникация, ерікті және белсенді қатысу, тәжірибе арқылы оқыту, тұтастық, топтық процеске бағдарлау, ерекше орта)				
11.	Бағдарламалар мен қызметтер тегін көрсетіледі				
Оң үрдістер:					
Қосымша назар аударуды қажет ететін күрделі мәселелер:					
2. ОРТАЛЫҚТЫҢ ШТАТЫ ЖАСТАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚАБІЛЕТТЕРГЕ ИЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДЕН ТҰРАДЫ					
12.	Орталықта жастармен тікелей жұмыс жасауға және сапаны бақылауға жауапты кем дегенде екі қызметкер (облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары үшін – кемінде бес) бар				
13.	Орталықтың жастармен тікелей жұмыс жасайтын персоналының саны мен Орталық жүзеге асыратын қызмет көлемінің тепе-теңдігі сақталады				
14.	Орталық қызметкерлерінің жұмыс уақытының негізгі бөлігі жастар және білім беру жобалары мен бағдарламаларын, консультациялық және аутрич жұмыстарын іске асыру арқылы жастармен тікелей жұмысқа бөлінеді (бұл жұмыс көлемінің 80%, жастар ісі жөніндегі қызметкер әкімшілік жұмысты орындай алады, бірақ ол жұмыс уақытының 20% астамын алмауы тиіс)				
15.	Орталықтың қызметкерлері Жастар ісі жөніндегі қызметкерлердің құзыреттілік моделі бойынша үнемі жеке бағалаудан өтіп тұрады және алынған нәтижелер негізінде өзінің жеке және кәсіби дамуын жоспарлайды				
16.	Орталықтың басшысы және кемінде екі (облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары үшін – кемінде бес) қызметкері ұзақтығы 128 сағаттан кем болмайтын жастар ісі саласына қажетті білімді, дағдыларды және құндылықтық бағдарларды дамытуды қамтитын жастар ісі жөніндегі қызметкерлерді даярлау бағдарламасынан өткен				
17.	Орталықтың штаттық қызметкерлерінің арасында білім беру бағдарламаларын іске асыруға, сондай-ақ сырттан тартылған мамандардың білім беру бағдарламаларын қолдау мен сапасын бақылауға жауапты бейресми білім беру саласы жөніндегі кем дегенде бір маман бар				
18.	Бейресми білім берумен айналысатын орталық қызметкерлерінің саны өткізілетін іс-шаралардың, жобалар мен бағдарламалардың саны мен көлеміне сәйкес келеді				
19.	Орталық құндылықтарға негізделген бейресми білім беру іс-шараларын өткізу үшін, білім беру бағдарламаларымен айналысатын өз қызметкерлерінің қабілеттерін көрсетуге дайын және ол үшін мүмкіндігі бар				

Оң үрдістер:**Қосымша назар аударуды қажет ететін күрделі мәселелер:****3. ОРТАЛЫҚ ӘРАЛУАНДЫҚТЫ ЖӘНЕ АДАМНЫҢ ҚАДІР-ҚАСИЕТІН САҚТАЙТЫН ҚАУІПСІЗ ЖҰМЫС ЖАҒДАЙЫН ҰСЫНАДЫ**

20.	Орталықта адамның қадір-қасиетін құрметтеу қағидасы сақталады				
21.	Өзінің жұмыс тәжірибесі мен құрылымында Орталық жастар ісі қағидаларымен байланысы бар істер мен әрекеттерде жүйелілікті көрсетеді				
22.	Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін сақтай отырып Орталық жастарға қолайлы уақытта, демалыс және мереке күндерін қоса алғанда, қолжетімді болып табылады				
23.	Орталық бағдарламалардың контенті тұрғысынан да, физикалық құралдар мен жағдайларға қатысты да ерекше қажеттіліктері бар жастарға қол жетімді				
24.	Орталық белсенді түрде экологиялық қолайлы көзқарасты ұстанады (орталықтың іс-шаралары, жобалары мен бағдарламалары қоршаған ортаға зиян келтірмейді, қоқыстарды бөлек жинау жүзеге асырылады, орталық аумағында және ғимаратында жасыл желектер бар және т. б.)				
25.	Орталық өрт қауіпсіздігіне, еңбекті қорғауға, қолжетімділікке, денсаулық пен гигиенаға қатысты ұлттық стандарттардың сақталатынына құжаттамалық куәлік бере алады				

Оң үрдістер:**Қосымша назар аударуды қажет ететін күрделі мәселелер:****4. ОРТАЛЫҚТА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ӘРТҮРЛІ ТОПТАРЫМЕН ЖАСТАР ІС-ШАРАЛАРЫН ӨТКІЗУГЕ БЕЙІМДЕЛГЕН ЕҢ ТӨМЕҢГІ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ БАР**

26.	Орталықтың жастар өздерінің бос уақытын өткізе алатын, сондай-ақ білім беру, мәдени және спорттық іс-шараларды өткізуге болатын жеке ғимараты бар				
27.	Орталық ғимаратында персоналға арналған аймақ (back-office) – орталық қызметкерлері үшін кабинеттер немесе жалпы аймақ – бар				
28.	Орталық ғимаратында білім беру іс-шараларын (тренингтер, семинарлар және т. б.) өткізуге арналған аймақ бар – ол, үстелсіз және театр орындықтары мен креслоларысыз, шеңберде бірлесіп оқыту мүмкіндігін қарастыруы тиіс				
29.	Орталық ғимаратында (орталық аумағында) жастардың еркін және қызықты уақыт өткізулеріне арналған ашық кеңістіктер (коворкинг аймағы, сөйлесу және үстел ойындары үшін аймақ, спорт алаңдары және т. б.) бар				
30.	Орталық ғимаратында қосымша аймақтар бар: кітапхана, психолог кабинеті, жеке кеңес беру кабинеті аймақ (back-office) – орталық қызметкерлері үшін кабинеттер немесе жалпы аймақ – бар				

28.	Орталық ғимаратында білім беру іс-шараларын (тренингтер, семинарлар және т. б.) өткізуге арналған аймақ бар – ол, үстелсіз және театр орындықтары мен креслоларысыз, шеңберде бірлесіп оқыту мүмкіндігін қарастыруы тиіс			
29.	Орталық ғимаратында (орталық аумағында) жастардың еркін және қызықты уақыт өткізулеріне арналған ашық кеңістіктер (коворкинг аймағы, сөйлесу және үстел ойындары үшін аймақ, спорт алаңдары және т. б.) бар			
30.	Орталық ғимаратында қосымша аймақтар бар: кітапхана, психолог кабинеті, жеке кеңес беру кабинеті			
31.	Орталық ғимаратында Wi-Fi сымсыз интернет байланысы бар			
32.	Орталықтың жаңартылуы тұрақты негізде жүргізілетін жеке сайты және әлеуметтік желілерде парақшалары бар (кемінде екі әлеуметтік желіде үнемі жаңартылып отыратын аккаунттардың/топтардың бар болуы)			
33.	Орталық ғимаратында мекеме атауы мен жұмыс уақыты көрсетілген оңай оқылатын маңдайшаның болуы			
34.	Негізгі қызметкерлер (басшылар, тіркеу қызметтері, білім беру, қауіпсіздік) қазақ және орыс тілдерін біледі			

Оң үрдістер:

Қосымша назар аударуды қажет ететін күрделі мәселелер:

5. ОРТАЛЫҚ ӨЗ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ МЕН БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУГЕ ЖАСТАРДЫ, ЖАСТАР ҰЙЫМДАРЫ МЕН ҚОЗҒАЛЫСТАРЫН ҚАТЫСТЫРАДЫ

35.	Орталық өз бағдарламасын әзірлеу кезінде жастардың әлеуметтік жағдайын және оларды алаңдататын мәселелерді ескереді			
36.	Орталық белгілі бір қабілеттері бар жастар ұйымдары мен қозғалыстарын сараптама жасау ісіне тартады және оларды жобалар мен бағдарламаларды әзірлеу, іске асыру және бағалау кезінде консультанттар ретінде қарастырады			
37.	Орталық өзінің бағдарламасын (қызметінің негізгі бағыттары мен озық тәжірибесін) жастардың, жастар ұйымдары мен қозғалыстарының қатысуы негізінде әзірлейді			

Оң үрдістер:

Қосымша назар аударуды қажет ететін күрделі мәселелер:

6. ОРТАЛЫҚ ЖАСТАР ІСІНІҢ САПАСЫН ДАМУҒА ЖӘРДЕМДЕСЕДІ

38.	Атқарылған қызметке талдау жасау және оны жетілдіру мақсатында Орталық тұрақты түрде өз қызметіне бағалау жүргізеді				
39.	Жастар, жастар ұйымдары мен қозғалыстары Орталықтың жұмысын бағалауға қатысады				
40.	Орталық, кейіннен сынақтан өтіп, Орталық жұмысында қолданылатын жастар ісінің жаңа және инновациялық әдістерін әзірлейді				
41.	Орталық жастар секторының басқа да қатысушыларымен (жастар ұйымдарымен, қозғалыстарымен, мемлекеттік органдармен және т. б.) және өңірлік және республикалық деңгейлерде жастар ісін дамытумен айналысатын кәсіпқойлар мен еріктілермен жұмыстың мазмұны мен сапасына қатысты ақпарат алмасып тұрады				
42.	Орталық өзінің жеке оқу және әдістемелік материалдарын дайындайды және оларды өңірлік және республикалық деңгейде жастар секторы арасында таратады				

Оң үрдістер:

Қосымша назар аударуды қажет ететін күрделі мәселелер:

7. ОРТАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУГЕ ЖӘНЕ КЛИЕНТКЕ БАҒДАРЛАНҒАН

43.	Орталықта келушілердің пікірлеріне арналған журнал, сауалнама, кітап, сайтта кері байланыс түрі бар, онда келушілер Орталық көрсететін қызметтер туралы өз пікірін қалдыра алады				
44.	Орталық басшылығы пайдаланушылардың (клиенттердің) бағалары мен пікірлерін қызмет сапасын жақсарту үшін тұрақты негізде ескеріп тұрады				

Оң үрдістер:

Қосымша назар аударуды қажет ететін күрделі мәселелер:


8. ОРТАЛЫҚ АУДАНДЫҚ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ҮЙЛЕСТІРУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ (ОБЛЫСТЫҚ ОРТАЛЫҚТАР ҮШІН).

45.	Облыстық орталық жанында құрамына аудандық және қалалық орталықтар басшылары кіретін және отырыстары тұрақты түрде (кем дегенде айына 2 рет) өткізілетін жастар ресурстық орталықтарын дамыту жөніндегі алқалы орган бар				
46.	Облыстық орталық кем дегенде жылына 1 рет аудандық және қалалық орталықтардың қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға бағытталған білім беру ішараларын (семинарлар, тренингтер, курстар және т.б.) өткізеді				
47.	Облыстық орталық аудандық және қалалық орталықтарға әдістемелік жәрдем көрсетеді				

48. Облыстық орталық аудандық және қалалық орталықтардан тоқсандық және жылдық негізде ақпараттық-сараптамалық мәліметтерді (есептер, ақпараттар және т.б.) жинақтайды

Оң үрдістер:

Қосымша назар аударуды қажет ететін күрделі мәселелер:



7/8 ӨЛШЕМ, 44/48 ИНДИКАТОР

<p>1</p> <p>Орталық өзінің басты мақсаты ретінде жастар және жастар ісіне қызмет етуді қояды</p>	<p>2</p> <p>Орталықтың штаты жастармен жұмыс жасау үшін қажетті қабілеттері бар қызметкерлерден тұрады</p>	<p>3</p> <p>Орталық әралуандық пен адамның қадір-қасиетін сыйлайтын қауіпсіз жұмыс жағдайын ұсынады</p>	<p>4</p> <p>Орталықтың әр түрлі қатысушылар топтарымен өткізілетін жастар іс-шараларына бейімделген ең төменгі инфрақұрылымы бар</p>
<p>5</p> <p>Орталық жастар жұмысының сапасын дамытуға ықпал етеді</p>	<p>6</p> <p>Орталық өз тұжырымдамалары мен бағдарламаларын әзірлеуге жастардың, жастар ұйымдары мен қозғалыстарының қатысуын қамтамасыз етеді</p>	<p>7</p> <p>Орталық қызмет көрсетуге және клиентке бағытталған</p>	<p>8</p> <p>Орталық аудандық және қалалық орталықтарының жұмысын үйлестіруді қамтамасыз етеді (облыстық орталықтар үшін)</p>

Жастар ресурстық орталықтарының осы өлшемдерге сәйкестігін үміткер-орталықтарға арналған дайындық бағдарламасы кезінде «Жастар» F30 және Жастар қызметкерлері қауымдастығы сарапшылары анықтайды



Үміткер-орталықтар үшін дайындық бағдарламасы

1-кезең: алғашқы сарапшылық бағалау	2-кезең: жұмыс сапасын арттыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеу	3-кезең: Мемлекеттік жастар саясаты мектебі аясында ЖРО қызметкерлері мен белсенділерін оқыту	4-кезең: жұмыс сапасын қорытынды бағалау және белгі беру немесе оны беруден бас тарту
Өту кезеңі: 1 ай	Өту кезеңі: 15 күн	Өту кезеңі: 3 ай	Өту кезеңі: 1 ай
Мақсаты: жастар ресурстық орталықтарының бастапқы деңгелерін анықтау және одан әрі қарай жұмыс сапасын арттыру бойынша ұсыныстар беру	Мақсаты: жастар ресурстық орталықтарының әрі қарай жұмыс сапасын арттыру бойынша іс-әрекеттерін жоспарлау	Мақсаты: жастар ресурстық орталықтарының қызметкерлерінің біліктілігін арттыру	Мақсаты: жұмыс сапасының даму деңгейін және Сапа белгісі тағайындалатын жастар орталықтарын анықтау
Сарапшылық бағалау ЖРО қызметкерлерімен, жергілікті атқарушы органдардың басшылығымен және нысаналы топтардың және мүдделі тараптардың жекелеген өкілдерімен бағалау құралы бойынша сұхбат негізінде жүргізіледі	Сарапшылық бағалау барысында алынған ақпаратқа негізделе отырып, әр ЖРО командасы ЖРО миссиясына және нысаналы топтың қажеттіліктеріне сәйкес жұмыс сапасын арттыру бойынша жеке іс-қимыл жоспарын әзірлейді	Білім беру бағдарламасы келесі бөлімдерден тұрады: қашықтан үй жұмысын орындау, онлайн тренингтерге қатысу және практикалық кезең. Тренингтер нәтижесінде үміткер-орталықтар өз жұмысының бағдарламасын әзірлейді және практикалық кезеңде оны іске асыруды бастаулары қажет	Дайындық бағдарламасының соңында жастар ісінің сапасын дамыту саласындағы қол жеткізілген нәтижелерге сарапшылық бағалау жүргізілетін болады. Ұйымдық дамуда жақсы көрсеткіштер көрсеткен және сапа өлшемдеріне сәйкес келетін ЖРО-ларға Сапа белгісі беріледі

СОДЕРЖАНИЕ

ГЛОССАРИЙ	19
ОБЩАЯ ИНФОРМАЦИЯ	20
ЗНАЧИМОСТЬ ЗНАКА КАЧЕСТВА	21
УРОВНИ ЗНАКА КАЧЕСТВА	22
ПРОГРАММА ПОДГОТОВКИ ДЛЯ ЦЕНТРОВ-КАНДИДАТОВ	23
ПРОЦЕДУРА ПОДАЧИ ЗАЯВКИ И СРОКИ ПОДАЧИ	24
ОРГАНИЗАТОРЫ	24
ИНСТРУМЕНТ ОЦЕНКИ КАЧЕСТВА РАБОТЫ МОЛОДЕЖНОГО РЕСУРСНОГО ЦЕНТРА ДЛЯ ПРИСУЖДЕНИЯ «ЗНАКА КАЧЕСТВА ДЛЯ МОЛОДЕЖНЫХ ЦЕНТРОВ»	25

ГЛОССАРИЙ

Знак качества для молодежных центров «Jastar belgisi» – инструмент для поощрения молодежных ресурсных центров, обеспечивающих качественную работы с молодежью. В данной инициативе участвуют молодежные ресурсные центры регионов Казахстана

Молодежный ресурсный центр – организация, осуществляющая непосредственную работу с молодежью через информационное и консультационное сопровождение, обучение жизненным навыкам, поддержку молодежных инициатив и реализацию проектов и программ на основе потребностей молодежи

Научно-исследовательский центр «Молодежь» – организация, осуществляющая научные исследования и методическое обеспечение реализации государственной молодежной политики

Национальная лига молодежных центров – неформальное сообщество молодежных ресурсных центров, получивших Знак качества

Центр-кандидат – молодежный ресурсный центр, претендующий на получение Знака качества

Экспертная оценка качества работы – внешняя оценка качества работы молодежных ресурсных центров на основе семи-восьми критериев, проводимая специально подготовленными экспертами

Школа государственной молодежной политики – специальная образовательная программа Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан и Научно-исследовательского центра «Молодежь», направленная на повышение квалификации специалистов по работе с молодежью

1. ОБЩАЯ ИНФОРМАЦИЯ

1. Программа «Знак качества для молодежных центров «Jastar belgisi» (далее – программа) направлена на поддержку молодежных ресурсных центров, обладающих потенциалом для развития и стремящихся модернизировать свою деятельность.

2. Цель программы – создание республиканской сети молодежных ресурсных центров, оказывающих качественные услуги для молодежи и распространение их опыта для других центров.

3. Задачи программы:

- 1) оценка качества работы молодежных ресурсных центров;
- 2) повышение квалификации сотрудников и актива молодежных ресурсных центров, стремящихся повысить качество своей работы;
- 3) поощрение молодежных ресурсных центров, обеспечивающих качество предоставляемых услуг;
- 4) обеспечение сотрудничества и обмена опытом между молодежными ресурсными центрами.

4. Программа состоит из трех частей:

- 1) программа подготовки для центров-кандидатов;
- 2) Знак качества, который присуждается молодежным ресурсным центрам, отвечающим предъявляемым критериям качества молодежной работы;
- 3) создание и обеспечение функционирования Национальной лиги молодежных центров, в состав которой входят молодежные ресурсные центры, получившие первый уровень Знака качества.
